

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
НАРХОЗ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖ



«ҰЙЫМ ҚАРЖЫСЫ» ПӘНІНЕН
КУРСТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ОРЫНДАУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

2,3 – КУРС СТУДЕНТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН
0516000 – «ҚАРЖЫ» МАМАНДЫҒЫ
(САЛАЛАР БОЙЫНША)

АЛМАТЫ, 2018

0516000 «Қаржы» (салалар бойынша) мамандығы бойынша 2, 3-курс студенттеріне арналған «Ұйым қаржысы» пәні бойынша курстық жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар, 2016 ж. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бойынша ұсыныстарна сәйкес жасалынды.

ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:

«Жалпы кәсіптік және арнайы пәндер» кафедрасының
меңгерушісі
Кафедра оқытушылары

Устемиров А.Д.
Тлеуова Ғ.М.
Карьянова Б.З.
Зұлпухар А.М.

Кафедрамен ТАЛҚЫЛАНЫП, МАҚҰЛДАНДЫ

және жариялауға ұсынылды

2018 жылғы «20» қыркүйек №2 хаттамаға сәйкес

«Жалпы кәсіптік және арнайы пәндер» кафедрасының
меңгерушісі

Устемиров А.Д.

КЕЛІСІЛДІ

Әдістемелік кабинеттің меңгерушісі

Жакупова З.М.

БЕКІТІЛДІ

Педагогикалық кеңес

2018 жылғы «__» _____ №__ хаттамасы

Нархоз университеті экономикалық колледжінің

Бас директоры

Сатаев С.А.

КУРСТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ОРЫНДАУҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

«Ұйым қаржысы» пәні бойынша оқу жоспарына сәйкес, студенттер 30 сағат көлемінде курстық жұмыстарын орындайды. Курстық жұмыстарды орындау білім беру үдерісінің маңызды кезеңі және білікті мамандарды даярлаудың тиімді әдістерінің бірі болып табылады.

Курстық жұмыстың мақсаты теориялық білімді бекіту, іс жүзінде жағдайды бағалауға мүмкіндік беру және қаржылық шешімдер қабылдау үшін объективті тұжырымдар мен ұсыныстар жасау болып табылады.

Бұл нұсқаулық Нархоз университетінің экономикалық колледжінде оқитын студенттерге курстық жұмыстың тақырыбын таңдауда, қаржылық қатынастар теориясы мен практикасын талдауға, таңдалған тақырып бойынша экономикалық әдебиеттерді таңдауға және оқуға, курстық жұмыс жоспарын құруға, оны жазуға көмектесуге арналған.

Курстық жұмыс келесі құрылымға сәйкес жүзеге асырылады:

- Бастапқы бет;
- МАЗМҰНЫ (Қосымша №1);
- КІРІСПЕ (1-2 б.);
- ТАРАУЛАР (15-20 бет);
- ҚОРЫТЫНДЫ (2-3 б.);
- ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ;
- ҚОСЫМША (бухгалтерлік баланстың көшірмесі, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, компания пайдасы мен залалы туралы есеп).

Курстық жұмыстарды орындауға қойылатын негізгі талаптар

1. Курстық жұмыс ақ қағазда А4 форматындағы қағазында жазылуы тиіс.
2. Microsoft Word бағдарламасының компьютерлік редакторы 1 интервалдан кейін, шрифт TimeNewRoman, өлшемі 14, ені бойынша мәтінді теңестіру. Парақтар параметрі: сол жақтан – 3 см, оң жағы – 1,5 см, жоғарыдан – 2 см, төменнен – 2 см.
3. Курстық жұмыста қаржы ұйымдарының бағыттары бойынша теориялық және практикалық материалдар болуы керек. Ол жерде өнеркәсіптік, коммерциялық немесе коммерциялық емес құрылымдардың қаржылық басқару мәселелерін қарастыруға болады.
4. Курстық жұмыстарды орындаудағы негізгі талап, теориялық мәселелерді нарықтық экономиканы дамытудың осы кезеңі тәжірибесімен байланыстыру, статистикалық жинақтардан деректерді пайдалану, шаруашылық субъектілерінің есеп беру материалдарын қолдану және т.б. Сонымен қатар, сандық деректерді, графиктерді, диаграммаларды, тақырыптық есептеулерді нақты жалпылаумен жүйелеу қажет (Қосымша №2,3 қараңыз).
5. Жүргізілген жұмыстың нәтижелерін таныстыру барысында атқарылған жұмыстың нәтижелері құзыретті, түсінікті, қисынды және дәйекті болу керек.
6. Курстық жұмыстағы қолданылған әдебиеттерді дұрыс қолдану. Курстық жұмысты жазған кезде студенттің өзінің таңдап алынған тақырыбы бойынша арнайы қаржылық басқару, экономикалық әдебиеттердің заңнамалық және анықтамалық материалдарын қарастыру қажет. Сонымен қатар, белгілі бір кәсіпорынның материалдарын пайдалануға негізделген практикалық бөлімге көп көңіл аударылуы қажет.
7. Курстық жұмыстарды дайындау және жазу келесі кезеңдерді қамтиды: кафедрамен ұсынылған тақырыптар тізімінің ішінен тақырыпты таңдау, таңдалған тақырып бойынша әдебиеттермен танысу, жоспар құру, курстық жұмысты жазу, курстық жұмыстарын қорғау.
8. Оқулықтардың материалдары немесе басқа студенттердің жазбаша жұмысы толық көшіріп алынған курстық жұмыс қанағаттанарлықсыз деп бағаланады.

ТАҚЫРЫПТЫ ТАҢДАУ

Курстық жұмыс тақырыптары «Жалпы кәсіптік және арнайы пәндер» кафедрасымен әзірленеді.

Әрбір тақырыпта жұмыстың теориялық бөлігінде жариялануға ұсынылатын негізгі мәселелер қарастырылуы және соған байланысты, материал дәйекті түрде ұсынылуы тиіс. Бұл сұрақтар курстық жұмыстың басты негізіне айналуы керек, бірақ студент өз қалауы бойынша осы нұсқаулықтарды кеңейтіп, олардың әрқайсысында талқыланатын ақпарат көлемін толықтыра алады.

Кафедра курстық жұмыс тақырыптарын бекіту кезінде студенттің белгілі бір тақырыпқа теориялық қызығушылығын ескереді. Ол студенттердің арнайы әдебиеттерге деген қызығушылығын теориялық конференцияларында оқыған баяндамаларына сүйене отырып сәйкестендіреді.

Әдебиеттермен танысу

Таңдалған тақырып бойынша әдебиетпен танысу, ең алдымен, курстық жұмыс жоспарын құру үшін қажет. Бұл жағдайда студент жұмысының сипатын және мақсаттылығын анықтайды, тақырыптың маңызды сұрақтарын қарастырады және оны қызықтыратын бағыттарды таңдайды.

Жоспарды құру

Жоспарды құру курстық жұмысты орындаудағы шешуші кезең болып табылады (Қосымша №2). Кез-келген тақырыптың бір немесе бірнеше аспектілерін ала отырып, бірнеше нұсқасы бар екенін ескеру қажет. Кейбір жағдайларда – теорияның, ал кейбір жағдайларда практиканың басым болуы мүмкін. «Ұйым қаржысы» пәні тәжірибелік курс болғандықтан, тәжірибе басымдыққа ие және өзекті мәселенің сипаттамасын қарастыруға немесе мәселенің тарихын түсіндіруге шектеу қойылмайды.

Жұмыс жоспары студентті белгілі бір компанияның нақты материалдарын пайдалануға бағыттауы керек.

КУРСТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ЖАЗУ

Жетекшімен келісілген курстық жұмыс жоспарына ие болған студент әдебиетті терең зерттеуге, оны жазуға көшеді. Әдебиеттерді оқуды, оқулықтармен және оқу-әдістемелік құралдармен жұмыс жасауды бастаған жөн, содан кейін ғылыми-практикалық жұмыстарға көшу ұсынылады. Курстық жұмыс екі жылдан үш жылға дейін нақты материалды пайдалану арқылы жүзеге асырылады (бір жылда берілген материал жағдайында, тоқсанға, айға бөлінеді).

Курстық жұмыстың жалпы көлемі **30 беттен аспауы керек.**

Курстық жұмыс әдетте *кіріспеден, тараулардан және қорытындыдан* тұрады.

КІРІСПЕ экономикалық шаруашылық субъектілерінің Қазақстан экономикасының сипаттамаларын есепке ала отырып, нарықтық жағдайда қаржылық басқарудың маңыздылығын анықтау, оның өзектілігін негіздеу, курстық жұмыс барысында шешілетін мақсаттар мен міндеттерді көрсету керек.

БІРІНШІ БӨЛІМ теориялық мәселелерді зерттеуді қамтиды. Таңдалған тақырып бойынша мәселелерді қысқаша теориялық түсіндіруден және оларды тәжірибелік шешу дәрежесінен тұрады. Сонымен қатар, процестің мазмұнын ашып көрсету, тұжырымдаманы түсіндіру, танылған үлгілерді сипаттау және т.с.с. Теория туралы мәлімдеме белгілі бір кәсіпорын үшін сандық материалды пайдалануымен байланысты болуы керек.

ЕКІНШІ БӨЛІМ практикалық. Бұл жинақталған материалды экономикалық, заңдық, қаржылық және статистикалық талдау және белгілі бір экономикалық тұтқаны ұйымдастыру мен пайдалану мәселелермен айналысудан тұрады. Жұмыстың бұл бөлімі

кестелер, диаграммалар, формулалар және басқа материалдармен суреттелуі керек. Таңдалған тақырыпты ашқан кезде белгілі бір компанияның мысалында статистикалық және эконометриялық үлгілерді пайдалану қажет.

ҮШІНШІ БӨЛІМ зерттелетін тақырыптың мәселелерін қарастырып, оның шешу жолдары мен даму бағыттарын қарастыру қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ - әдетте теориялық тұжырымдар мен ұсыныстарды қамтиды.

Курстық жұмыс аяқталғаннан кейін, *бастапқы бетті* қабылданған тәртіпке сәйкес ресімделуі керек (Қосымша №1). Келесі бастапқы беттен кейін *МАЗМҰНЫ* болады (Қосымша №2 қараңыз), одан кейін мәтін (нөмірлеу бастапқы бетінен басталады. 3-беттен бастап қойылады).

Сандық материалдарды пайдаланған кезде әдеби көздерден алынған ұсыныстарға сілтемелер жасау керек. Сілтемелерде тізімінен бастапқы нөмірі және дәйексөзді немесе нөмірді алған бетті көрсетуі тиіс (3-қосымшаны қараңыз).

Курстық жұмыс соңында *ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ* жасалады. Жұмыс барысында пайдаланылатын Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері, нұсқаулықтар мен нормативтік актілер, мақалалар, кітаптар (дереккөзді пайдалану үшін) тізімі көрсетіледі.

Мазмұны, құрылымы, конструкциясы курстық жұмысты жазу талаптарын қанағаттандырмаған жағдайда курстық жұмысты қорғауға жол берілмейді және қайта қарауға жіберіледі.

КУРСТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ҚОРҒАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Курстық жұмыстың соңғы кезеңі оны қорғау болып табылады.

Қорғау мақсаты:

- таңдалған тақырып бойынша студенттің білімін, оның курстық жұмыс бойынша түсінігі мен тереңдігін анықтау. Курстық жұмысты қорғау кезінде студент берілген жұмыстың мазмұнын білуі керек;
- сандық деректердің көздерін, есептеу әдістерін түсіндіру;
- осы тақырыпқа байланысты теориялық және тәжірибелік сипаттағы сұрақтарға жауап беру;
- негізгі тұжырымдар мен ұсыныстарды қалыптастыру.

Курстық жұмыстың орындалу сапасы мен оны қорғау нәтижелері ескеріле отырып комиссия мүшелерімен бағаланады.

Курстық жұмыстардың тақырыптарының өзгеруі жыл сайын экономикалық өмірде де, қаржы саласында да, олардың теориясында және практикасында орын алатын жағдайлардан немесе өзге де процестерден туындауы мүмкін. Нәтижесінде, курстық жұмыстарды әзірлеу және нақтылау басым бағыттар бойынша, уақытқа қажеттілік туындаған мәселелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
НАРХОЗ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ



КУРСТЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ

«.....»

3-курс студенттің
аты-жөні
МАМАНДЫҒЫ «....»

ЖЕТЕКШІСІ

ЖОСПАР (мысалы)

КІРІСПЕ.....	3
1. ӨНДІРУ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША ШЫҒЫНДАР ЖОСПАРЫ	4
1.1. Шығындар есебінің жалпы сипаттамасы.....	5
1.2. Өндірістік шығындардың жіктелуі.....	7
1.3. Өндірістік шығындардың есебін ұйымдастыру.....	8
2. ӨНІМНІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫН КАЛЬКУЛЯЦИЯЛАУ («ТРИУМФ» ЖШС МЫСАЛЫНДА)	9
2.1. «Триумф» ЖШС-нің өнімінің өзіндік құнын калькуляциялаудың өндірісті басқарудағы рөлі.....	13
2.2. «Триумф» ЖШС-нің калькуляциялаудың принциптері және оның объектісі.....	17
3. ШОБ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫН ҚАРЖЫ-НЕСИЕЛІК ҚОЛДАУ МЕХАНИЗМІН ЖЕТІЛДІРУ.....	18
3.1. ШОБ инновациялық дамуының қазақстандық және шетел тәжірибесіне бейімделу....	19
3.2. Шағын және орта бизнеске несие бойынша кепілдік механизмінің дамуы.....	20
ҚОРЫТЫНДЫ.....	22
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	23
ҚОСЫМША	24


Сілтемелердің дұрыс жасалуы !!!

Мемлекеттік қолдау және шағын бизнесті дамыту келесі жолдармен жүргізіледі:

- қаржылық қолдау;
- кіші бизнесті қолдау орталықтарының желісін ұйымдастыру;
- бизнес-инкубаторларды ұйымдастыру [5, с.48].

Суреттің дұрыс жасалуы !!!

2005-2015 жылдардағы субъектілер саны. 1-суретте көрсетілген.



1-сурет. Қазақстандағы қолданыстағы шағын және орта бизнес саны, бірлік
Ескерту: www.stat.gov.kz дереккөзі негізінде құрастырылған

1-Суреттің мәліметтері бойынша 2014 жылы шағын кәсіпкерліктің жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар саны ...

Кестенің дұрыс жасалуы !!!

ҚР ҰБ 01.01.2017 жылының есептілігіне сәйкес бірде-бір қазақстандық банк капиталдың жеткіліктілігі бойынша пруденциалдық нормативтерді бұзған жоқ. Банктердің көбісі бұл жағдайға дайын болды және қосымша резервтерді қалыптастырып қойды. Қазақстанның екінші деңгейлі банктер арасында біз қарастырған «ЦентрКредит Банк» АҚ мен «Астана Банк» АҚ-ның пруденциалдық нормативтері қалай есептелгені бойынша толық талдау жүргізілді (кесте - 2).

Кесте – 2. «ЦентрКредит Банк» АҚ мен «Астана Банк» АҚ-ның пруденциалдық нормативтері

№	Пруденциалдық нормативтердің орындалуы	«ЦентрКредит Банк» АҚ		«Астана Банк» АҚ	
		2016 ж.	01.01.2017 ж.	2016 ж.	01.01.2017 ж.
1	Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (k1-1), норматив > 0.05	0,076	0,087	0,118	0,109
2	Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (k1-2), норматив > 0.06	0,115	0,128	0,118	0,109
3	Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (k2), норматив > 0.075	0,147	0,167	0,118	0,126
4	Тәуекелдің ең жоғары мөлшерінің коэффициенті (k3); норматив > 0.10;0,25	0,149	0,141	0,195	0,250
5	Ағымдағы өтімділік коэффициенті (k4); норматив >0.3	0,917	1,017	0,786	0,775
6	Мерзімді өтімділік коэффициенті (к4-1), норматив > 1,0	20,678	38,875	14,376	4,384
7	Мерзімді өтімділік коэффициенті (к4-2), норматив > 0,9	10,835	14,601	5,753	3,075
8	Мерзімді өтімділік коэффициенті (к4-3), норматив > 0.8	4,698	4,512	2,258	2,414
Ескерту: Ұлттық банк сайтынан алынған дереккөздері <i>немесе</i> www.nationalbank.kz сайтынан алынған мәліметтер					

1-кестенің деректері бойынша 2017 жылғы қаражат көлемі ...